

"Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға көшу стратегиясының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 176-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 221-ө
Өкімі

«Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу стратегиясының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 176-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу стратегиясының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Көшербаев	- Қазақстан Республикасы
Қырымбек Елеуұлы	Премьер-Министрінің орынбасары
Әбденев	- Қазақстан Республикасының Еңбек және
Серік Сақбалдыұлы	халықты әлеуметтік қорғау министрі
Досаев	- Қазақстан Республикасының Экономикалық
Ерболат Асқарбекұлы	даму және сауда министрі
Ыдырысов	- Қазақстан Республикасының Сыртқы
Ерлан Әбілфайызұлы	істер министрі
Қабыкенов	- Қазақстан Республикасы Президенті
Арыстан Кенжетайұлы	Әкімшілігінің Стратегиялық әзірлемелер
	және талдау орталығы меңгерушісінің
	орынбасары (келісім бойынша)
Әбішева	- Қазақстан Республикасы Президенті
Құралай Қазтайқызы	Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық
	мониторинг бөлімінің консультанты
	(келісім бойынша)
Ысқақов	- «Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі
Диас Жұмағазыұлы	шектеулі серіктестігінің бас директоры
	(келісім бойынша)
Прасад	- «Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі
Бхамре	шектеулі серіктестігі бас директорының
	орынбасары (келісім бойынша)

мына:

«Ахметов - Қазақстан Республикасы
Серік Нығметұлы Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары, жетекшінің орынбасары

Қаппаров - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Нұрлан Жамбылұлы ортаны қорғау министрі, жетекшінің
орынбасары

Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрия
Әсет Өрентайұлы және жаңа технологиялар министрі»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Ахметов - Қазақстан Республикасының
Серік Нығметұлы Премьер-Министрі, жетекші

Исекешев - Қазақстан Республикасы
Әсет Өрентайұлы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Индустрия

және жаңа технологиялар министрі

Қаппаров - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Нұрлан Жамбылұлы ортаны қорғау министрі»;

көрсетілген құрамнан Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов, Бақытжан Әбдірұлы
Сағынтаев, Гүлшара Наушақызы Әбдіқалықова, Ержан Хозеұлы Қазыханов
ш ы ғ а р ы л с ы н ;

2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жұмыс тобы 2013 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде Стратегия жобасын
әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетовке жүктелсін.».

Премьер-Министр

С. Ахметов